

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ




Бекітемін  
«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ  
Басқарма Төрағасы – Ректор м.а.  
Т.О. Балыкбаев

« 09 » 11 2020 ж.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ  
АРҚЫЛЫ АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕ  
АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ТӘРТІПТЕ ӨТІНІШТЕРДІ ҚАРАУ ЖӨНІНДЕГІ  
НҰСҚАУЛЫҚ

Көшірме	Код	Басылым	Дайындаған	Келісілген	Келісілген
	ЛН ҚазҰПУ 2024- 2020	Бірінші	Исабаева Д.Н.	Сатмурзаев А.А.	Оразғали А.Д.
				Жусупбеков С.С.	Норма бақылау Жанбаева Л.А.

Алматы, 2020

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ	Күні: 09.11.2020	Басылым: үшінші
	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы аралық аттестаттауды өткізу кезінде апелляциялық тәртіпте өтініштерді қарау жөніндегі нұсқаулық	ЛН ҚазҰПУ 04-07-04	2-4 беттен

## 1. ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

1.1 Қашықтықтан аралық аттестациялауды өткізу, апелляциялық тәртіпте білім алушылардың өтініштерін қарау жөніндегі апелляциялық комиссиялар, тестілеу орталығы келесідей құқықтық актілер негізінде қызметтерін атқарады:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы; «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы (2014 жылғы 2 маусымдағы №198 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгерістер, толықтыруларымен); «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы; «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілі ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы (2010 жылғы 13 сәуірдің №168, 2010 жылғы 1 қарашаның №506, 2013 жылғы 4 қарашаның №445 бұйрықтарына сәйкес енгізілген өзгерістер, толықтыруларымен); «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің академиялық саясаты; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің академиялық адалдығы.

Апелляциялық комиссияның жұмысын ұйымдастыру келесі кезеңдерге бөлінеді:

1) апелляцияға дайындық; 2) апелляцияға өтініштерді қабылдау; 3) апелляциялық комиссияның жұмысы; 4) апелляциялық комиссияның шешімі.


1.2. Әрбір институттың директоры институт отырысында апелляциялық комиссияларды құрайды және отырыс хаттамасының көшірмесін Тестілеу орталығына тапсырады. Апелляциялық комиссия келесі құжаттарды рәсімдейді:

- 1) Апелляциялық өтініш (Қосымша 1);
- 2) Апелляциялық комиссия отырысының хаттамасы (Қосымша 2).

## 2. АПЕЛЛЯЦИЯҒА ӨТІНІШТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ

2.1. Білім алушы емтихан аяқталғаннан кейін және төменде көрсетілген себептер бойынша апелляцияға өтініш бере алады:

- тапсырмалардың дұрыс емес құрастырылғандығы анықталған жағдайда;

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ	Күні: 09.11.2020	Басылым: үшінші
	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы аралық аттестаттауды өткізу кезінде апелляциялық тәртіпте өтініштерді қарау жөніндегі нұсқаулық	ЛН ҚазҰПУ 04-07-04	3-4 беттен

- тапсырма пәннің типтік (негізгі) бағдарламасына сәйкес келмеген жағдайда.

2.2. Апелляциялық өтініш арнайы формада (Қосымша 2) апелляциялық комиссия төрағасының атына дәлелді негіздеменің негізінде Тестілеу орталығымен келісе отырып беріледі.

### **3. АПЕЛЛЯЦИЯҒА ДАЙЫНДЫҚ**

3.1. Ректордың бұйрығымен апелляциялық пән бейініне біліктілігі сәйкес келетін оқытушылар арасынан апелляциялық комиссия құрылады.

3.2. Апелляциялық комиссияның құрамы туралы академиялық мәселелер жөніндегі проректордың келісімі бойынша Институттар бекітілген бұйрық не өкім енгізеді, Тестілеу орталығына тапсырады.

3.3. Апелляциялық комиссияның тапсырмасы бойынша Институттар отырысқа білім алушылардың емтихан материалдарын дайындауы тиіс.

### **4. АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ЖҰМЫСЫ**

4.1. Апелляциялық комиссия білім алушылардың өтініштерін емтихандық тестілеуден кейін келесі күні қарай бастайды.

4.2. Апелляциялық комиссия білім алушының апелляцияға берген өтінішін оның қатысуынсыз қарастыра алады.

4.3. Шешім білім алушының апелляцияға берген өтінішінде көрсетілген тапсырма бойынша ғана қабылданады. Білім алушының апелляцияға бермеген тапсырмалары қарастырылмайды.

### **5. АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ШЕШІМІ**

5.1. Апелляция аяқталғаннан кейін апелляциялық комиссияның жауапты мүшесі апелляциялық комиссия отырысының хаттамасын толтырады.

5.2. Апелляциялық комиссия отырысының хаттамалары негізінде Тестілеу орталығы апелляцияның негізділігін тексереді, тіркейді және тіркеу офисіне жібереді.


5.3. Офис-тіркеушілер хаттама негізінде жеке емтихан ведомосын жасайды.

5.4. Апелляциялық комиссия отырысының хаттамалары мен жеке емтихан ведомостары тіркеу офисінде сақталады.

### **6. АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ҚАРАУЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР**

6.1. Тестілеу кезінде даулы сұрақтарға келесі екі жағдай жатады:

1) Компьютерді бағдарламалық қамтамасыз етудің және жергілікті желі жұмысының бұзылуы.

	«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ	Күні: 09.11.2020	Басылым: үшінші
	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы аралық аттестаттауды өткізу кезінде апелляциялық тәртіпте өтініштерді қарау жөніндегі нұсқаулық	ЛН ҚазҰПУ 04-07-04	4-4 беттен

2) Интерактивті тестілеу үшін уақыттың жетіспеушілігі.

6.2. Көрсетілген жағдайлар бойынша дау туындаған жағдайда Тестілеу орталығы келесідей әрекет етеді:

- бірінші жағдайда білім алушының шағымы қанағаттандырылады, яғни білім алушы емтихан тапсырады;
- екінші жағдайда білім алушының шағымы қанағаттандырмайды.

Қосымша I

Апелляциялық комиссия төрағасына  
институт \_\_\_\_\_  
мамандық \_\_\_\_\_  
бөлім студенті \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (студенттің фамилиясы, аты, тегі)

**Апелляциялық өтініш**

Сізден, менің \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (пән атауы және лектор фамилиясы, емтиханды тапсыру күні және уақыты)  
тапсырған емтихан жұмысымның тест нәтижесімен келіспеуіме байланысты менің қатысуыммен/ қатысуымсыз, келесі сұрақтар бойынша қарауыңызды сұраймын.

№ апелл. сұрағы	Себебі
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	
6.	
7.	
8.	
9.	
10.	
11.	
12.	
13.	
14.	
15.	
16.	
17.	
18.	
19.	
20.	

Студент қолы \_\_\_\_\_ Апелляцияға берілген күн \_\_\_\_\_

КазНПУ им.Абая

**Апелляциялық комиссия отырысының протоколы**  
**Протокол заседания апелляционной комиссии**

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201\_\_ ж  
 на « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201\_\_ г

Студенттің Ф.А.Ж. /Ф.И.О. студента	Институт	Мамандығы /Специальность	Курсы, тобы /Курс, группа	Пән атауы /Наименование дисциплины	Тапсырма № /№ задания	Апелляция мазмұны/ Мотивировка апелляции (по содержанию)	Балды қосуға негіздеме (мәселені ашып көрсету) /Обоснование для присуждения балла (раскрыть проблему)	Шешімі /Решение

Апелляциялық комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
 /Председатель апелляционной комиссии (Ф.А.Ж/ Ф.И.О.) (қолы/подпись)

Апелляциялық комиссия мүшелері \_\_\_\_\_  
 Члены апелляционной комиссии (Ф.А.Ж/ Ф.И.О.) (қолы/ подпись)

\_\_\_\_\_ (Ф.А.Ж/ Ф.И.О.) (қолы/подпись)

\_\_\_\_\_ (Ф.А.Ж/ Ф.И.О.) (қолы/ подпись)